



Жалағаш жаршысы



«zhalagash-zharshysy.kz»
ақпараттық агенттігі

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады

Ауыл тынысы



Шалғайдағы ауылдың шаруасы ширақ

Шалғайдағы Жаңадария ауылында бүгінде шаруа шираған. Ауылдағы ағайынның негізгі тіршілік көзі егін және мал шаруашылығымен тікелей байланысты. Қазір елдің өрісі кеңейіп, кәсіпті нәсіп еткендердің қатары артқан. Содан болар, бүгінде ауылда жұмыссыздық деңгейі төмен.

Өткен аптада аудан әкімі Ардақ Ибраимов Жаңадария ауылдық округіндегі бақша дақылдарын егу жұмысымен танысып, бағбандардың талап-тілегін тыңдады. Қазіргі таңда ауыл тұрғындары 120 гектар жерге бақша дақылдарын егу жұмыстарын жүргізіп жатыр. Бағбандармен жүздескен аудан әкімі олардың ұсыныс-пікірлерін тыңдап, егілген өнімдерді нарыққа шығару және егінді ертарлапандыру бағытында жан-жақты қолдау көрсетілетінін жеткізді.

Айта кетейік, Жаңадария ауылдық округі бақша шаруашылығына бейімделген. Ауылда картоп, көкөніс және бақша дақылдарын орналастыру үшін жер дайындау жұмыстары көктемнің алғашқы айында басталып, қазіргі таңда бағбандар егін егу жұмыстарын аяқтауға жақын.

Жол сапасына келсек, бүгінге дейін ауылға кіреберіс, сондай-ақ Аламесек пен Жаңадарияның жалғайтын жол асфальтталған. Аудан әкімінің ауыл тұрғындарымен кездесулерінде ауылдағы ағайын ішкі көшелердің сапасының сын көтермейтінін назарға салып, шешімін табуына жұмыс жасалса деген талап-тілегін жеткізіп жүрді. Ауылдағы ішкі көшелердің бүгінгі жайы аудан басшысының назарында екен.

Биыл Жаңадариядағы 4 көшеге күрделі жөндеу жүргізу жоспарланған. Бүгінде облыстық бюджеттен 175 млн теңге бөлініп, бұл қаражат есебінен Мектеп және Достық көшелерінде жөндеу жұмыстары басталды. Мемлекеттік сатып алу конкурсының нәтижесі бойынша «Жаңақорған жібек жолы» ЖШС мердігер ретінде анықталды.

Мемлекет басшысының, үкіметтің, облыс әкімінің қолдауымен елді мекендерде көптеген игі жұмыс жүзеге асып келеді. Ауылдың инфрақұрылымын дамыту бағытындағы жұмыстар жалғасын табады, – деді аудан әкімі.

Жол құрылысымен танысқан аудан әкімі мердігер мекемеге жұмыстарды сапалы әрі мерзімінде орындауды тапсырды.

«ЖЖ» ақпарат



Ырыс

Жалағаштағы берекелі жәрмеңке

Өткен сенбіде аудан орталығындағы Абай көшесінде ауыл шаруашылығы өнімдерінің жәрмеңкесі өтті. Қой, тоқты, жоңышқа, көкөніс, ет, балық тиеген жүк көліктері белгіленген орынға тұрақтап, өнімдерін халыққа ұсынды. Жалпы ауылдық елді мекендерден 30 тонна азық-түлік тиеген 10 көлік өз өнімдерін арзан бағада сатты. Нақтырақ тоқталсақ, 3 тонна мал азығы, 10 бас қой, балық, 2 тонна ет және сүт өнімдері бар. Қас қағым сәтте халық белгіленген орынға жиналып, қызу сауда басталып кетті. Өйткені өнім бағалары сауда орындарындағы бағамен салыстырғанда едәуір төмен.

Жәрмеңкені ұйымдастырушыларға, кәсіпкерлерге, шаруа адамдарына мың алғыс. Жәрмеңкенің тиімділігі бағасының қалта көтеретіндігінде ғой. Жәрмеңке өтеді дегеннен алдын ала хабардар болып, таң атысымен орталыққа жол тарттым. Сөйтсем, менен де ерте келгендер бар екен. Иә, бұдан бағаның төмен және сапалы өнімдердің бар екенін бірден түсіндім. Бірінші ретте балық пен ет сатып алдым. Одан кейін картоп, сәбіз, пияз алдым. Әрине, көктемде бұл өнімдердің бағасы қымбаттайды. Алайда жәрмеңкедегі бағалар қалтаға қонымды екен. Сапасы да керемет. Мұндай жәрмеңкелер көпте жиі ұйымдастырылып жүр, қарапайым халық үшін өте тиімді ғой, – дейді ауыл тұрғыны Бауыржан Аппазов.

Қыста елімізде картоп бағасының күрт өскенін білеміз. Бірақ жалағаштықтар бұл қымбатшылықты сөзіне қоймады. Жергілікті билік ахуалды дереу қолға алып, осындай шараларды жиі ұйымдастыруды дәстүрге айналдырды. Міне, сатушы да, тұтынушы да дән риза. Әрине, ауыл шаруаларының маңдай термен ешбір химиялық қоспасыз баптаған өнімнің сапалы



болатынына ешкімнің де күмен келтірмейтіні рас. Сондықтан болар, жәрмеңкедегі халықтың қатары қалың.

Мен кент тұрғынымын. Өздеріңізге байқап тұрған шығарсыздар, жергілікті өзен-көлдердің балығына сұраныс жоғары. Өйткені барлығы да балығын дәмді, табиғи тұздалған өнімдер. Сөреге сазан, жайың, шортан, лақа секілді балықты қойдық. Құнын да күнделікті бағадан төмен түсірдік. Бірінші сазан балықтары өтіп кетті. Шыны керек, Жалағаштың балықтарын басқа өңірдің тұрғындары да алдыртып жатады. Жергілікті билік осындай іс-шараға қатысуға өтініш білдірген соң халықпен өзіміздің өніммен бөлісуге

келіп қалдық, – дейді кәсіпкер Нұрсейт Алпысбай.

Молшылық мерекесі осылайша көтеріңкі көңіл-күймен өте шықты. Менің түсінгенім, мұндай жәрмеңкелер азық-түлік бағасын тұрақтандыруға үлес қосса, бір жағынан шаруаларға да серпін берген секілді. Өз өнімін тұрғындардың таласып-тармасып, саудалап жатқанын көрген шаруа адамы алдағы науқанда бұдан да артық еңбек етуге талпынады деп ойлаймын. Сондықтан осындай жәрмеңкелерді жиі ұйымдастыру өңір тұрғындарының әлеуеті үшін үлкен демәу болары хақ.

Айта кетейік, биыл ауданда 37 185 гектарға егін егу мөжеленген. Оның

ішінде негізгі дақыл күріш көлемі 19 800 гектарды құрайды. Мұнан бөлек 800 гектар жаздық бидай, 50 гектар арпа, 600 гектар мақсары, 200 гектар қант құмайы, 65 гектар соя, 5 гектар сұлы бар. Биыл 4 850 гектар жаңа жоңышқа егілсе, 8150 гектар ескі жоңышқа күтімге алынған.

Бақша дақылдарына келсек, картоп көлемінде есім бар. Мәселен, былтыр 188 гектар алқапқа картоп егілсе, биылғы меже 250 гектарды құрап отыр. Ал 1 115 гектарға көкөніс, сондай-ақ 1300 гектарға басқа да бақша дақылдары егіледі.

Ж.АРЫН

Маман мерейі

Қазір дәріге тәуелді адам көп. Егер сырқаттансақ, бірден дәрінің көмегіне сүйенеміз. Фармацевт мамандарының арқасында біз дәрі-дәрмектерге қол жеткіземіз. Бірақ бұл мамандық жайлы көп біле бермейміз. Фармацевт десек, көз алдымызға бірден дәрі-дәрмек сатушы елестейді. Бірақ олар тек дәрі-дәрмек сатады деп ойлау қате. Өйткені фармацевт міндеттерінің ауқымы және мүмкіндіктері өте кең. Осы орайда мамандықтың қыр-сырымен терең танысу мақсатында аудандық ауруханадағы Госпитальдық фармация бөліміне атбасын бұрдық.



Фармацевт Ботагөз

Бөлімде жұмыс қызу. Әрине, аудан тұрғындарына қажетті дәрі-дәрмекті уақытылы жеткізу асқан жауапкершілікті талап етеді.

Фармацевт әртүрлі препараттарды жақсы біледі, ұқсас дәріні таңдайды, қажетті дәрілік форманы шығарады, тіпті жаңа препараттарды жасауға қатыса алады. Біз дәрілік заттарға арналған құжаттамамен, яғни рецепспен, химиялық формулалармен, қоймаға дәрілік заттарды жеткізу құжаттарымен жұмыс істейміз. Әрбір дәрінің құрамын, оны қалай қолдану керектігін, препараттың қандай жанама әсерлері мен қарсы көрсетілімдері барын білуіміз керек. Бір сөзбен айтқанда, фармацевттің басында аннотациялардың толық базасы бар, – дейді фармацевт Ботагөз Нұрмаханова.

Білікті маман аталған салада 1998 жылдан бері еңбек етіп келеді. Оқушы кезінен оның науқастарды емдеуге, дәрі-дәрмектерге деген қызығушылығы ерекше болыпты. Тіпті балалық шағында отбасындағылар сырқаттанып қалса, «сіз мынадай дәріні ішуіңіз ке-

рек» деп кеңес береді екен. Сол бала арманы жетелеп, Қызылорда медициналық жоғары колледжіндегі «фармацевт» мамандығына оқуға түседі. Оқу орнын үздік бітіріп, аудандық емханадағы дәрі дайындау бөлімінде лаборант-ассистент болып жұмысқа кіріскен.

Біз күнделікті көптеген әртүрлі адаммен қарым-қатынас жасаймыз. Олардың әрқайсысы үшін ерекше тәсілді табу маңызды. Сондықтан эмпатия, ашықтық, түсіністік, ізгілік және көмекке ұмтылу сияқты қасиеттер маманның жұмысында қажет. Қызмет сапасын арттыру мақсатында әр науқасты жеке-жеке қарап, дәрігер-эксперт, клиникалық фармакологпен бірлесіп отырып, тағайындалған дәрі-дәрмектердің негізділігін талдаймыз. Біздің бөлім ем алушыларды дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету жүйесінде қауіпсіздік шараларын тиімді қолдануға, денсаулық сақтау саласында дәрі-дәрмек бөлігін толыққанды цифрландырылуын қамтамасыз етуге, дәрі-дәрмектерді сақтау, дайындау, тасымалдау ережелерін қатаң қадағалауды қамтамасыз етуге

бағытталған. Сондай-ақ тағайындалған емдік дәрі-дәрмектердің қолданылуына, реттілігіне мониторинг жасау арқылы медициналық көмектің сапасын арттыруды мақсат еткенбіз, – дейді еңбек адамы.

Ботагөз айтқандай, бөлімше дәрілік қамтамасыз ету сапасы мен науқастардың қауіпсіздігін жақсартуға бағытталған. Яғни бөлімнің міндеті дәрі-дәрмекті есепке алу жүйесін жақсарту, оларды сатып алу шығындарын азайту және дәрілерді пайдаланудың тиімділігін арттыру болып табылады. Мұнда дәрі-дәрмекті орау аймағы, дәрілік заттарды және медициналық бұйымдарды сақтау бөлмесі, дәрілік заттарды орталықтандырылған еріту аймағы бар.

Қазіргі таңда госпитальдық фармация бөлімшесіне хирургия, терапия, перзентхана, жұқпалы аурулар, паллиативті науқастарды емдеу бөлімі және балалар соматика бөлімдері қосылып, жұмыс істеуде. Жалпы бөлімде 10 қызметкер бар. Олар аудан тұрғындарына қажетті дәрі-дәрмек, екіпелерді дайындап, науқастардың уақы-

тылы ем алуын қамтамасыз етуде.

Денсаулық сақтау – жауапкершілік пен батылдықты талап ететін сала. Бұл салада еңбек ету үшін адамға шыдамдылық, жауапкершілік пен қажыр-қайрат қажет. Десе де бұл мамандықты таңдаған әр адам өз жұмысын шынайы сүйіспеншілікпен істейтініне сенімдімін. Еңбегімнің нәтижесінде басқарманың, аудан әкімдігінің алғыс хаттарымен марапатталдым. Бірақ біз сияқты қарапайым еңбек адамдары үшін халықтың құрметінен асқан абырой жоқ. Мамандығым қаншалықты қиын әрі жауапкершілік жүгі ауыр болса да, бұл сала – менің өмірімнің бір бөлшегі. Өйткені мен өз мамандығымды шынайы жақсы көремін, – деп сөзін түйіндеді фармацевт Ботагөз Исабекқызы.

Міне, 27 жылдан бері осы салада абыроймен еңбек етіп келе жатқан Ботагөз Нұрмаханова, мамандық таңдауда қателеспегеніне сенімді. Ол жұмыста білікті маман болса, отбасында – алулы ана. Бүгінде жолдасы екеуі 2 қыз тәрбиелеп отыр.

Жандос ЖАЗКЕН

Аңдатпа

Қаһарлы қарудың құпиялары



3-бетте

Тәуелсіздік деген шексіз байлық байтақ жері бар қазақ жұртына оңай келген жоқ. Оған дейін бодан болған елдің басынан не өтпеді? Ашаршылық, репрессия, Ұлы Отан соғысы сынды қиын кезеңдер «Дербес мемлекет боламын» деп алдына ұлы мақсат қойған халықтың сағын сындыра алмады. Жұмыла көтерген жүктің жеңіл боларын білген елдің ауызбіршілігіне, кеңпейілдігіне Тәңір дархан даласымен қоса тәуелсіздікті тарту етті.

Расында тарихта қазақ ұялатындай ештеңе жоқ екеніне өткенімізге көз жүгірту арқылы қанықтық. Ал кейінгі буынға тәуелсіздіктің шексіз байлық екенін, оның үлкен еңбекпен келгенін жеткізуде біз халқына қалтқысыз қызмет еткен аға буынның өнегелі өмір жолына тоқталуды басты міндет деп есептейміз. Әріге бармай-ақ кешегі Ұлы Отан соғысы жылдары мен одан кейінгі кезеңде де тұралаған тұрмысты түзетуде қиындыққа мойымай әр салада қызмет еткен азаматтар адал еңбектің түбінде бөреке барын бізге ұқтырып кетті. Қазірдің өзінде Жалағашта сол тұста іргесі қаланған зәулім ғимараттардың жарамдылығы сапалы жұмыстың нәтижесі екенін аңғартып тұр. Ал өңірдегі осыныша нысанда Жұбатыр Тоқбосынов атамыздың қолтаңбасы барын бірі білсе, бірі білмейді.

Құрыш қолды құрылысшының негізгі туған жері Қазалы ауданына қарасты Құмбазар деген елді мекен еді. Балалық шағы тұралаған тұрмыспен тұспа-тұс келген Жұбатыр ағамыз ата-анадан ерте айырылды. Кейін Жалағаш ауданының азаматына тұрмысқа шыққан апасы Шарипаның тұрбиесінде болып, осы өңірдің бір перзентіне айналды. 1938 жылы Отан алдындағы борышын өтеу үшін әскерге аттанды. Енді ғана елге ораламыз деп Сталинград қаласында әшелонға мінейін деп тұрғанында сұм соғыс та басталып кетті. Үш жыл әскерде, төрт жыл соғыста болған сарбаздың баласына айтқан естеліктерін Қасымқожа ағамыз әлі күнге дейін ұмытпапты.

«Фин соғысында және немістермен соғыстым. Барлаушы болдым, немістерге барып ізімізді білдірмей тіл алып келеміз. Барлаушы болу өте қиын. Жау тылында қанша әскер,



Жеңіс сыйлаған жауынгер

қанша техникасы бар, адам саны қанша? Оларды анық білу үшін сол жақтан аңдып отырып ұстап аузың, қолын байлап әкелеміз. Сосын барып соғысуға шығамыз. Барлаушының жұмысы жауапты әрі қиын, ептілік, төзімділік, шыдамдылық, сабырлық керек. Осыларды өзінің бойында ұстауың керек. Әдепкіде қиындау болғанымен кейін етіміз үйренді» дейді ардагер өз қолжазбасында. Соғыс тактикасын еркін меңгерген Жұбатыр Тоқбосынов майдан даласында бірнеше ұрысқа қатысып, ерөн ерліктің үлгісін көрсетті. 1943 жылдың қысында бір немістің бірнеше унтер офицерін әкелгені үшін ол «Қызыл жұлдыз» орденімен марапатталды. Бұған дейін ұрыс даласында бірнеше мәрте неміс әскерін құрықтаған жас сарбаз кезекті жұмысының бірінде осындай марапатқа ие болып жатқанына таң болады. Кейін сұрастыра келе ол фашистердің біраз маңызды шаруаларды білетінін аңғарады. Араға бір жыл салып кейіпкеріміз екінші «Қызыл жұлдыз» орденіне ие болды. Қанша дегенмен әскери адамның «Құпия» деген қатып қалған қағидасы бар. Тіпті сөз арасында Қасымқожа ағамыз әкесінен бұл орденді не үшін бергенін сұрағанда «Маңызды тапсырманы орындағанымыз үшін» деп қысқа қайырыпты. Бұл қос орден қазіргі таңда аудандық музейдің бір бұрышындағы тарихи жәдігерлер

қатарын толықтырып тұр.

Германия, Венгрия, Польша, Сталинград және Берлинде «Отан» деп бірнеше рет майданға өнген ардагер 1944 жылдың күзінде үш жігітпен таң атқанша үлгеріп, тағы бір маңызды тапсырманы орындайды. Қайтып келе жатқанда алдарынан немістер тап болып, Жұбатыр Тоқбосынов жараланады. Госпиталда бір-ақ есін жиган майдангерге кейін екінші дәрежелі «Отан соғысы» ордені беріледі. Бұл ағамыздың маңызды тапсырмаларды орындайтын сарбаздар қатарында соңғы рет болуы еді. Себебі, алған жарақатының ауырлығына байланысты командир оған келесі операцияларға қатысуға рұқсат бермейді.

1945 жылы 27 мамырда өскен жері Жалағашқа оралған Жұбатыр Тоқбосынов Рәзия Тоғызбайқызына үйленіп, өз алдына отау құрады, 4 ұл бір қызды дүниеге әкеледі. Бейбіт өмірде құрылысшы, кейін бригадир болып еңбек етті. Бірнеше рет ауылдық Советке депутат, 5 рет пленум мүшесі болды. Майданда жүріп КПСС мүшесі болып қабылданды, құрылыста жүргенде «Октябрь революциясы» ордені, «Еңбектегі ерлігі үшін» медалімен марапатталды. Бұл ордендер тағылған костюм де қазіргі таңда аудандық музейдің бір бұрышын толықтырып тұр. «Біз осындай жәдігерлер арқылы және

оның тарихын кейінгі буынға жеткізуде ерлікті, елдікті, отансүйіштікті өскелең ұрпақтың бойында жаңғыртамыз» дейді Қасымқожа Жұбатырұлы. Расында біз келген меймандарға, жастарға ерлікті, патриоттықты тәрбиелеуде осындай дүниелерді көп насихаттауымыз керек. Қасымқожаның да айтпағы сол, болмаса өз үйінің бір бұрышынан бір киімге орын болмай қалған жоқ.

Жалағаш ауданында үлкен әрі көне ғимараттардың тарихына көз жүгіртсеңіз, олардың көбісінде Жұбатыр Тоқбосыновтың қолтаңбасы барын білесіз. Қазіргі таңда аудан жастарын спортқа баулып жатқан «Наркескен» спорт клубының құрылысы да кейіпкеріміздің қадағалауымен іргетасы қаланған. Тіпті жаңағы өзінің бірнеше жәдігері сақталған бұрынғы аудандық музейдің ғимаратына да маңдай терін төкті. Ойлап қарасак, құрышқолды құрылысшының қатысуымен іргетасы қаланған тарихи нысандардың барлығы қазіргі таңда елге қызмет етуге жарап тұр. Әсіресе Қожахмет ағамыздың әкесі Мәдібай ақсақал Жұбатырдың жұмысқа деген жауапкершілігі, қабілетін әріптестеріне жиі айтып, үлгі алуға шақырады екен. Отан үшін соғысып, бейбіт өмірде ел үшін адал қызмет еткен ердің еңбегі ұмытылмайды.

Кенжетай БАЛҒАБАЙ



Ардагерлерге арнау

Қан майданда көз ашылмай азап кешкен бабамыз, Бабамызды құрметпенен тағы да еске аламыз. Соғыс бітіп, арамызда қаншама жыл өтсе де, Алдарыңда мәңгілікке борыштар боп қаламыз.

Соғыс. Майдан. Атқылаған қарулар... Жарылыс пен қансыраған жарақатты таңулар. Күні-түні терезеден тағаттары таусылып, Өз ғашығын күткен екен қанша сан мың ардулар?!

Асып өтіп қаншама мың шақырым мен өткелді, Қанша сарбаз аман-есен, қанша «қара қағаз хат» келді? Жанмен қоса тәнін беріп беймәзгілде боздақтар, Жеңіс туын желбіретіп бейбіт күнді ап берді!

Өмір сүріп қаншамасы, Қаншамасы мерт болды... Жо-жоқ, олар мерт болған жоқ! Мәңгі алау «От» болды! Отан үшін күресетін көкіректе кек болды! Жеңіс үшін алға ұмтылған жүрегіңде серт болды!

Олар... Артқа тастады, Туған жерін, даласын. Мына дала оларға тек құрметпенен қарасын! Көзсіз ерлік майдан үшін тастап ата-анасын, Кете барды таңу үшін соғыс салған жарасын.

Ана қалды аптандырып қан майданға қос ұлын, Кеше ғана ойнап жүрген көз алдында қос құлын. Ер жеткен соң алып кетті екеуін де майданға, Екеуі де алып кетті ана үйқысын жай таңда.

Ана байғұс қала берді «Отан үшін» барсын деп, Әке қалды аманат қып «Құдай бұған жарсың» деп. Анасының тілден шыққан әйтеуір бір тілегі: «Қос ұлымның тым болмаса бірі аман қалсын...» деп.

Атыр-ай, ә! Ана сөзі... Ана сөзі оқ екен! Шарасыздан айта салған бар тілегі сол екен, Қан майданнан тек тұңғышы, Тек тұңғышы оралып, Ал кішісі хат-хабарсыз, ізім-ғайым жоқ екен...

Осылайша кетті талай боздақтар, Қанша ана атырды екен боздап таң?! Сол үшін де «Мен соғысты түбіменен жек көрем» Сары даланы сан адамға боздақтан.

Тірілердің жарқырады нұр таңы, Шеріреде жалған ата жүрнағын. Аман қалған жалғыз бала сарбаздың, Мен боламын артта қалған ұрпағы!

Дана САБЫРБАЙ

Байқау

Ерлік пен еңбек дәріптелді

Бірлігі бекем қазақ жұртының бұған дейін қасіртетті жылдарды қалай еңсергеніне тарих куә. Өткен күндерге көз жүгіртіп, «Тәуелсіздік – бізге сол бабаларымыздың бойындағы ерлік, ерлік, төзімділік, қайсарлық сынды қасиеттеріне берліген Тәңірдің сыйы» деген ой түйесің. Әсіресе қазақ жұрты еңсерген ең нәубетті кезеңнің бірі Ұлы Отан соғысы болатын. Қан майданда қаншама қазақ жауынгері ерөн ерліктің үлгісін көрсетіп, жауға тойтарыс берді. Солардың қатарында жалағаштық жауынгер Ысқақ Нұржанов та болды.

Жеңіс күні қарсаңында майдангердің туған жері Жаңадария ауылында Ұлы Отан соғысының ардагері Ысқақ Нұржановтың 100 жылдығына орай «Ерлігі – елге мұра, ұрпаққа – ұран» атты облыстық өншілер байқау өтті. Ерлік дәріптелген шарада ауыл әкімі Рауан Ақпанбетов Ысқақ атамыздың өмір жолына тоқталып, байқауға қатысушыларға сәттілік тіледі.

– Шалғайдағы батыр бабамыздың туған жерінде тағылымды шарада бас қосып отырмыз. Ысқақ атамыз Ұлы Отан соғысында да, еңбек майданында да ержүректігімен, жанкештілігімен һәм еңбексүйгіштігімен бізге үлгі болды. Соғыс басталғанда небәрі 16 жастағы Ысқақ Нұржанов ел басына күн туған шақта жұртпен бірге «бәрі де майданы үшін» деп таңның атысы, күннің батысы бел жазбай еңбек етті. Жастық дәурені сұм соғысқа тап келген Ысқақ атамыз тылдағы ауыр еңбекке ерте кірісті. Ер азаматтарын түгелдей соғысқа жіберген әр қазақ ауылының тағдырындай, туған ауылы Тереңөзектегі тыл еңбегінің бар ауырталпығы Ысқақтай бозбалалардың мойнына болды. Атан түйе көтермес ауырталпықты он алтыға енді толған Ысқақтай аталарымыз мойымай көтеріп, майдан үшін аянбай еңбек етті. Тылдағы еңбек майданында жүрген Ысқақ он сегізге толғанына үш ай өткенде, яғни 1943 жылдың наурыз айында Тереңөзек әскери комиссариатынан әскерге шақырту алды. Бұл екінші дүниежүзілік соғыстың кескілескен қан майданы қызған тұс болатын. Майдан даласын енген батыр бабамыз ерөн ерліктің үлгісін көрсетті. Кейін

майдан даласында да тұралаған шаруаны ширатты. Бүгінгі ұрпақ осындай бабаларымыздың өнегелі өмір жолынан үлгі алуы тиіс. Бүгінгі байқаудың да мән-маңызы осында. Қатысушыларға тек сәттілік тілеймің, – деді Р.Ақпанбетов.

Байқауда сөз алған Ысқақ Нұржановтың ұрпақтары да аталарының ерлігі көпке үлгі болатынын жеткізді. Расында 1925 жылы дүниеге келіп, балалық шағын қазақ халқының басына төнген ашаршылықты, репрессия жылдарын еңсерген Ысқақ Нұржанов майдан даласында ерлік көрсетті. «Өң-мөңдеген қалың жауды жеңемін» деп өзіне серт берді. Әскери комиссариат Ысқақ Нұржановты сонау қиыр шығыста жүріп жатқан майданға салды. Сөйтіп жас жауынгер Забайкалье майданының 649-шы атқыштар полкының екінші батальонындағы екінші взвод қатарында қанды ұрысқа кірді. Қаруластарымен бірге талай қанды жорықта фашистермен шайқасып, жеңісті жақындатуға жастығын, күш-жігерін жұмсады.

Ысқақтай батырлардың ерлігінің арқасында 1943 жылдың соңына таман фашистер шегініп, Кеңес әскері шайқастарда басымдық алып, жеңістің лебі есе бастады. Десе де түпкілікті жеңістің ауылы әлі де алыс еді. Ұрыс даласындағы кезекті шайқастың бірінде Ысқақ Нұржанов жау оғынан жараланып, әскери госпиталға түседі. Аяққа тұрып, дертінен айыққан соң тағы да қан майданға аттанды.

Майдангердің жеңіске деген жауынгерлік жігерін жау оғы жасыта алмады, керісінше намысын қайрап, ерлігін еселей түсті. Сұрапыл шайқастарда ержү-

ректігімен көзге түскен Ысқақ Нұржановтың батырлығы бабаланың, екінші дәрежелі «Отан соғысы» орденімен марапатталды.

Қан майданның кескілескен ортасында батырлығымен мәлім болған Ысқақ Нұржанов аға сержант әскери шенін де алды. «Жауды жеңемін» деп өзіне серт беріп, туған жері Тереңөзектен аттанған ол Отанын жаудан азат етіп, жеңіс күнін майдан даласында қарсы алды.

Жеңіс! Бір ауыз сөз қалың елдің қайғысын ұмыттырды. Үміт отын лаулатты. Тылдағы ауыр еңбекті жеңілдетті. Көздің жасын тыйып, көңілдерге қуаныш септі. Ысқақ Нұржановтай ерлердің ерөн ерлігінің арқасында ғана жау жеңіліп, түбегейі жеңіс орнағанымен, қауіп толық сейілмеген еді. Шекараға тұтқиылдан шабуыл болуы ықтималдығына байланысты аға сержантқа шекараны қорғау тапсырылды. Жеңіс туын желбіреткен қазақ жауынгері соғыстан кейін екі жыл бойы шекара күзетті. Отан алдындағы бұл істі де ерөн ерлікпен өтеп, туған жеріне аман-есен оралады.

Соғыс аяқталған соң екі жыл шекараны қорғап және тағы үш жыл соғыс кезінде қираған қалаларды қалпына келтіру жұмыстарына қатысқан Ысқақ Нұржанов 1950 жылы елге оралды.

Соғыс жылдарында тылга айналып, барын майданға берген ел тұрмысы ауыр еді. Бірақ жеңіс ауырталпықты жеңілдетіп тұрды. Туған ауылы Тереңөзек ауданына қарасты Аламесекке аман-есен жеңіспен оралған Ысқақ білім алса- дейтін арманының орында- лар сәті келгенін сезді. Сөйтіп



ерлігін әйгілеген орден-медалға толы жас жауынгер Қазалы ауыл шаруашылық техникумының механизация бөліміне оқуға түсті. Білімге құштар жастың көксеген мақсаты орындалып, зоотехник мамандығы бойынша оқып білім алды.

Сол жылдары соғыстан кейінгі жылдары тұралап, дамытуды күтіп тұрған шаруашылық саласына зоотехник мамандығы ауадай қажет еді. Ысқақ Нұржанов уақытында қажетті мамандық иесі болғандықтан дереу жұмысқа кірісіп кетті. Жеті жыл майданда жүріп, елге оралған жылы үйлі-жайлы болып, Дөмедей асыл жар сүйіп, шаңырақ көтерген Ысқақ 1966 жылға дейін кіндік қаны тамған Аламесекте абыройлы қызмет етті.

Сол тұста жаңа құрылған шаруашылықтарды аяғына тұрғызып, шаруаны ширату үшін

жан-жақтан үздік мамандар Жаңадарияға жұмысқа тартылды. Сондай мамандардың қатарында 1966 жылы Ысқақ Нұржанов та отбасымен жаңадан құрылған Жаңадарияға қоныс аударды. Енді ғана құрылған шаруашылықтың ісіне белшеше кіріскен Ысқақ күн-түн демей, жар құлағы жастыққа тимей еңбек етті. Еңбек талғамайтын әрі қандай іс болса да жауапкершілікпен атқаратын Ысқақ шаруашылық қоймасы менгерушілігінен бастап, ферма менгерушісі және басқа шаруашылық саласындағы қызметтерді абыроймен атқарды. Еңбек майданында да көзге түсіп, «Еңбек ардагері» медалімен марапатталды.

Батыр бабамыздың ерлігін ұлықтауға негізделген байқауға Арал, Қазалы, Жалағаш, Шиелі, Жаңақорған аудандарынан келген өнерпаздар өннен шашу шашып,

көрерменнің ыстық ықыласына бөленді. Екі кезең бойынша сынға түскен өншілер тек патриоттық өндер шырқады. Қазылар алқасының ғана емес, жалпы көрерменнің жоғары бағасын алған қазалылық Еркін Құдабаев байқаудың бас жүлдесіне ие болды. Ал аралдық Айгерім Таңатова бірінші орынға лайық деп танылды. Мұнан кейінгі орынға Жаңақорғаннан келген Аманжол Сламаов жайғасса, үздік үштікті батырдың жерлесі, Жаңадария ауылының өнерпазы Әділет Бөбеш түйіндеді.

Жүлдегерлер мен басқа да қатысушыларға қаржылай сыйлықтар, арнайы дипломдар мен алғыс хаттар табысталды. Шара соңында майдангер ұрпақтары ат терлетіп алыстан келген барлық қатысушыға алғыс білдірді.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Қаһарлы қарудың құпиялары

1962 жыл қазан айының соңы болатын. Сол жылы Қызылорда педагогикалық институтының жаратылыстану факультетіне екі жылдық өндірістік тәжірибемен оқуға түсіп, сол тұстағы Тереңөзек ауданының Ақарық колхозында күрші орағын аяқтап, Калинин ұжымшарында тұратын үйіме келсем, ескерге бір емес, екі шақырту қағазы келіп жатыр екен. Студенттерге институт әкімшілігі жатақхана тапшылығына байланысты «оқу басталғасын тұратын мекен-жайларыңа байланысты есепте боласыңдар» деген еді.

Соңғы шақыру қағазда ауылдық кеңестен анықтама алып, қаладағы пед­а­го­гикалық институтқа оқуға түскенімді білсе де, мені «ескерге шақырудан бой тасалап жүр» деген мағлұматты ескери комиссариатқа берген. Олар маған жоғарыда айтылған жағдайды негізге алып, жазалау шарасы қойылған ескерту қағазын жіберіпті. Ол кезде екі ауданың біріккен ескери комиссариаты Тереңөзек кентінде болатын. Әлі есімде, бастығы бірбеткей, мінезді кісі еді, алдына барған мені бір сыбап алды.

Соғыс жылдары туған еркек­кіндік­тілердің аздығынан межені орындай алмай мен жүрмін. Ал сәндер, оқуға түстім, күрші орақта болдым деп дәлел айтасыңдар. Сенің жоғары оқу орнына түскен студент болғаныңды маған жазсаң жеткі, өндірісте екі жылға жуық жүргізуші болып жұмыс істеп­сін, ескерге сәндей азаматтар бірінші кетуі тиіс. Халықаралық жағдай шиеленісіп тұрғанда Кубадағы жағдайды, Қариб дағдарысын білесің бе? Осындай уақытта сәндер ойнап-күліп, студент болғыларың келеді, ал елді кім қорғайды? — деп аузынан түкірігі шы­ра­п­пай мені саясатпен, халықаралық жағдайлармен хабардар етті де қазір аудан прокурорына барып, осында кел­генімді хаббардар етуім қажеттігін айтты.

Сонымен «жазған құлда жызық жоқ» дегендей, мойным салбырап, бұрын мұндай жағдайды көрмегенсің ай мен күн­нің амаңында аудан прокурорына бар­дым. Прокурор жігіт ағасы болып қалған келісті кісі екен, шамасы комиссар баратынымды хабарлаған болуы керек, мені жылы қабылдады. Бұл кісі де кейді, «жазалайтын шығар» деген ойымды сергітті.

— Екі жылдық еңбек тәжірибесіңе кей­ін оқуға түскенің жақсы болған екен. Көп жастар бұл талапқа шыдамай, тұрмыс-тіршіліктеріне байланысты жоғары оқу орындарынан қол үзіп жатыр ғой. Қазір елімізге өздерің сияқты жоғары, арнаулы оқу орындарын бітірген мамандар қажет. Дегенмен ескері міндеттерінді атқаруға тиіссіңдер. Ол — заң, — деді.

Кейін отбасылық жағдайымды сұрап, «Әкең соғысқа қатысқан «соғыс мүге­дегі» екен, апа-қарындастарың бар, ер баладан бір өзін болсаң да ескери міндетінді атқарып келуге тиіссің» деп ақыл-көнесін айтып, комиссармен байланысқа шығып, менің өзінде болғанын, ақыл-көнес, заң бойынша түсініктеме бергенін айтып, өзіне қайта баратынымды хабарлады.

Сабасына түскен комиссар «бүгін үйіңе барып, әке-шешене ескерге ертең аттанатыныңды айтып, жоңға дайындалып кел» деп қолыма соңғы шақыру-жөнелту қағазын ұстапты. Екі үкіметтің әкімшілік орынан сабақта алып шыққан мен уақыт созбай теміржол вокзалына келдім. Енді жүргелі тұрған тауарлы пойызға отырып, Жалағаш стансасынан түсе сала жаяулап түн ортасында Калинин ұжымшарындағы үйіме жеттім. Әке-шешеме жағдайды түгел баяндадым. Ертең аудан орталығына қатынайтын автобус жоқ, жаяулап Тереңөзек қыстағына келіп, облыстық ескери комиссариат арқылы қарашаның оң «отызышың команда» деген атпен Қазақстанның оңтүстік өңірлерінен тиелген жігіттер батысқа жол тарттық.

Үш-төрт күн жүріп, Мәскеуге түстік, бізді Мәскеудің көшесімен бір үлкен ауладағы қазармаға алып келіп, бөле бастады. Бөлу бір күнге созылды. Облыстан аттанған жігіттерді қойша топырлатып, әртүрлі бөлімге алып кетіп жатты. Солардың ішінде үйден бірге шыққан немере бауырым Самұрат Дүйсеңбаев та кете барды. Атшап­тырым аулада алпыс шақты «отызышың команда» жігіттері қалдық.

Елден шыққаннан құрғақ аспен жү­рек жалпап келеміз. Бізді көшке таман Беларусь вокзалында пойызға отыр­ғызып, батысты бетке алды. Осы топта ауылдастарым Әбушев Қуанышбек, Салманов Әбүтәліп, Шейділдаев Аман­гелді, жалағаштық Есаманов, Тере­нөзектен Оразбаев Жақсылық, Қар­мақшыдан көп жылдар Қармақтық, Тереңөзек аудандарында ішкі істер ор­гандарында басшылық қызметте болған досым Қартбаев Наурыз, Жа­ңақорғаннан Мұсаев Жәдігер Литва ССР Каунас қаласы Клайпеда тас­жолы бойындағы Кармелова ескери қалашығындағы 78408 ескери бөліміне келіп түстік. Осы жерде тағы да бөлу бастанды.

Сол қалашықтағы ескери бөлімде мен, Наурыз, Жәдігер үшеуіміз, ал сол горнизоңға қарайтын бөлімде Жақсылық қалып, Амангелдіді, Қуанышбек Таурааға, Әбүтәліп Умергеге кеткенін хат арқылы білдім. Бұл 1962 жылдың 18 қарашасы, Кеңес қарулы күштерінде жаңадан құрылған стратегиялық мақсаттағы Ракета әскерлерінің құрылған күні болатын.

Біз құрамынан мерекелік күніне толықтыру ретінде келген екенбіз. Осы жерде бұрын елде жүргізуші болып істеген Жәдігер екеуміз бөліміңіз бірінші тобына, Наурыз екінші тобына қалды. Моңшаға түсіп, ескери киімді киіп, жас жауынгерлердің орналасқан бейімдеу казармасына екі-ақ қазақ келіп, кейін жақсы араласып кеттік. Ол кезде алып одақ қарулы күштері құрамындағы ұлт жауынгерлері теңізге таман тамшыдай болатын және бұл бағыт барынша сергек ұсталатын. Шағын ғана бір бөлімшеде бүкіл одақтың түкпір-түкпірлерін мәскеуліктер мен ленинградтықтардан бастап, украин, беларус, асетин, татар, башқұрт, сібір халықтары, кавказ өкілдері, өзбектер т.б бірнеше ұлттың жігіттері болды.

Бұл көз екі лагердің текіретіс шиеленіскен шағы еді. 1961 жылдың күзінде басталған Кубадағы жағдай, Қариб дағдарысы халықаралық жағдайды ұшықтырып, АҚШ пен КСРО ашықтан-ашық соғыс жағдайына бөт бұрған болатын.

Стратегиялық мақсаттағы ядролық ра­кеталар ұшу, ату алаңдарында №1 дайындық саптарға қойылып, ескери құра­ма бөлімдері жауынгерлік кезекшілікте болып, батысқа жақын Прибалтика, орталық Киев ескери округтерінің құрамалары казармалық жағдайға көшті. Тағдыр бізді осындай кезеңде стратегиялық мақсаттағы ядролық қондырғылармен жабдықталған тікелей Мәскеуге бағынатын басқару пульті Кремьлде орналасқан заманның қазір де сол дәрежесін жоймаған жаппай қырып жоятын қаруды игеруге және сонымен жұмыс жасауға жазған болатын. Біз сол қарудың алғашқы «жұмыс қаршы­ғалары» болдық. Әдетте бөлімге толық­тыруға келген жас жауынгерлер бір ай бойы оқсалуанып, жас жауынгерлер курсынан бейімдеуден өтеді. Сол жылы халықаралық және Кубадағы жағдайға байланысты Қорғаныс министрінің бұй­рығымен стратегиялық мақсаттағы ра­кета ескерінің жауынгерлері ескері қыз­меттерінің мерзімі аяқталса да белгілі уақытқа дейін елдеріне қайтуы кейінге қалдырылған екен. Алып одақтың бас­шысы Н.С.Хрущевтың сол кездегі Ка­риб дағдарысы кезіндегі халықаралық жағдайға байланысты Біріккен Ұлттар Ұйымының мәжілісінде батыстың мы­сын баспақ болып, Ұлы Женістің өлі де төрамаған қызуымен мінберді бөтенкөсімен тегіп «Мы өше покажем вам Кукина Мать» деген сөзімен қаһарланғанын бүгінгі аға буын өкілдері білуі керек. Осы мәжіліске қатысқан «Известия» газетінің бас редакторы Аджу­бей Никитаның күйеу баласы ата-сын мінберден қалай түсіріп алғаны, оқиғаның немен аяқталғаны жайлы жазғаны өз алдына бөлек өңгіме.

Алып одақтың бірінші басшысының қаһарынан кейін ескери және саяси дайындық сеніміне ие болған біздің бе­лімі­нің жауынгерлері ядролық қондыр­ғы­лармен жабдықталған ракеталарды Клайпеда портынан сүңгуір қайықтармен, санаулы уақытта Куба астанасы Гава­на маңынан бір-ақ шығарып, қондыр­ғы­ларын №1 дайындық сабына қойды. Орыстардың ерлігіне тәнті болған АҚШ Президенті Н.Х.Хрущевтың тапсырмасымен бейбітшілік, келісөз миссиясымен жүрген А.И.Микоян мен бітімгершілік жасауға мәжбүр болғанын бүгінгі ұрпақ білуі тиіс. Ал­пысыңғы жылдардың басында ба­ты­стың «қауырт соғыс», «қырғы қабақ» соғыс доктари­насының осылайша шешілуіне қаһарлы стратегиялық мақсаттағы ядролық қондырғылармен жабдықталған біздің ракеталар үшін дүние жүзілік соғыстың басталамуына сен болды. «Өзіңнен зор шықса, екі көзің сонда шығады» дегендей, сол жылдары 260 млн-дан астам халқы бар, бір тізінге бағынған алып Кеңес одағы осындай дәрежеде болды. Бұл — тарих.

Соғыс жылдарында майдан авиациясы болып соғыстың алдыңғы шебінде «әуе құдайлары» болып жанкешті соғысқан екі эскадриядан тұратын бірнеше Кеңес одағының батырлары шыққан. Солардың ішінде Гостеллоның ерлігін қайталаған ұшқыш, капитан Нестеренконың тас мүсіні мен қызмет атқарған 78408 бөлімінің штабының алдында тұратын. Ал оның төсегі казарманың төрінде. Елуінші жыл­дары Кеңес әскерлерінің қарулы күш­терін жаңа техникалармен, қарулармен жабдықтау қызу жүріп жатты. Заман талабына сай өмір АҚШ-Хорва соғысы көрсеткендей, ғылым мен техника турғысында модернизацияланған құралдарды құру күн тәртібінде тұрды. Осы тұста Кеңес одағының Қорғаныс министрі болған дақты маршал одақтың төрт мәрте батыры Г.К.Жуковтың ескери мәселелерге байланысты Г.С.Хрущев бастаған ескі гвардия мен шайқасқандың Ресей теледидарынан көрсетіліп жатқан “Жуков” телесериялынан аңғаруға болады.

Жас жауынгерлерді бейімдеу курсында екі күн болғаннан кейін А.Зорин екеумізді азаматтық өмірде жүргізуші болғанымызды ескеріп, бас казармадағы “көрі” жауынгерлердің арасына қосып жіберді. Олардың ішінде ескерде сақал қоюға рұқсат болмаса да, беттерін, сақалдары жауып кеткен, қауғасқалды, олпы-солпы киінген жауынгерлерді көр­генде таң қалдық.

Бақсақ, бұлар Кубада болған, сон­да интернационалдық борышын өтеген бөліміңіз байырғы ракеташы жауынгер­лері екен. Ескери мерзімі төртінші жылға кетіп бара жатқан олар өздерін еркін сезініп, еркін жүріп тұрды. Асханаға өздері топтасып барып тамақтанады. Жартылай азаматтық өмірде жүріп жат­ты. Олар орындарын босатып, жауын­герлік немірлерін, міндеттерін ескери-ракеталық техникаларды үйретіп, ауыстыратын бізді асыға күткен екен. Барған бойда А.Зорин екеуміз екі кубалық шалдардың орнын басуға бұйрықпен кірістік. Менің орнымдағы Алтай өлкесінің Барнау қаласынан Н.Нестеренко болды. Аға серкерт жақсы жігіт екен, басқалардай «ескердегі жазылмаған заңнан» аулақ, мені өз ісіне үйретуді бастады. Біздің міндетіміз сол жылы желтоқсан айының соңғы күндеріне дейін техника тілін меңгеріп, сынақ тапсырып, қарт солдатты келесі жылдың бірінші қаңтарына қалдырмай еліне жіберу еді. Бұл сол кездері Қорғаныс министрлігіндегі жасырын нұсқау болатын.

Білуімізше, шетелдік баспасөзде «Кеңес әскерлері соғысқа дайындалу мақсатында ескери мерзімін ұзартып жатыр» деген қауесеттің өтек алған кезі еді. Уақытпен санаспай оқу-жаттығумен айналысып, сол жылы желтоқсан айының соңғы күндері Николайды еліне шығарып салып, орнын бастым. Оның қарулас жолдастары да орнын жастарға тапсырып еліне кетіп жатты.

Мен елде аудан орталығындағы екі мекемеде ескі ГАЗ-51 көлігін айтады­ған едім. «Ескіні жамағанның есі ке­


теді» дегендей, көлігім жиі бұзылып, жөндеумен боламын. Сондықтан авто­мобильдің техникалық жағдайын игеру маған қыынға соққан жоқ. Ал ол жоқта техникалар мүлдем басқа.

Менің өзіме бекітілген автокөлік пен оның үстінде орнатылған он мың шақырым қашықтағы қарсыластың ны­санасын тас-талқанын шығаратын тік­тұмсықты алып жүретін, бұл қаруды сөніп тапсырып, «құпиялығын» және оны кезінің қарашығындай сақтайтынын көшенді рас­чет­тын №4 жүргізуші монтажшысы бо­ласын дегенде ойым қорқыныш пен қуанышта болған еді. Қорқыныштысы, бұрын елде мұндай көлік пен техниканы естімегенмін. Мұны игере аламын ба? Қуаныштысы, еліміздің қорғаныс қуатындағы бұл қаруды қазақтың қара домалақ баласы маған тапсырып, сенім артуы еді. Стратегиялық мақсаттағы ра­кеталарды қолдану айтуға оңай бол­ғанмен оны мақсатты қолдану күрделі. Ол кешенді түрлі коммуникациялық жабдықтарды игеріп, жауынгерлер мен офицерлердің ақыл-ойымен, техника мен электрониканы озық білігумен, ең бастысы, салқындандылық пен сабыр­лықты, жүйкелің шыдамдылығың, те­зімділікті қажет ететін. Сондықтан бұл құрамаға қызметке алынғандарға осын­дай талап қойылатын.

Ядролық қондырғы орнатылған тік тұмсықтарға күтім жасау, оны үне­мі соғыс жағдайына дайын ұстау, техникалық білімі бар, соғысқа қа­тысқан, зейнеткерлікке шығуға жа­қын офицерлер қабырғалары жабық радиациялық сәулелерді ұстайтын қорғасынмен қаптаған, амборларда жұ­мыс жасайтын. Техникалық құрамының 80 пайызы осындай бұрынғы авиацияда, артеллерияда қызмет атқарғандар бо­ла­тын. Елде жүргізуші болып тәжірибеден өткен орта мөңгес арнаулы техникалық білімі бар, орыс тілін білетіндер алынады екен. Институттың бірінші курсынан, азаматтық өмірде екі жылға жуық, жүргізуші болып жұмыс атқарғанын, осы талапқа сай келеді екен. Аудан комиссарының мені іздеуінің реті осында екенін білдім. Ядролық тік тұмсықтарға шаттық ре­жиммен күнделікті жұмыс жасайтын техникалық құрам офицерлерінің жұмыс­сыз кәуіпті, өмірі аянышты болатын. Амборлардағы қондырғылармен жұмыс үстеліне жібек ақ халат және өттегін белгілі уақытқа беліп шығаратын ИП-46 противогазын киіп атқаратын. Ядролық соңында пайдаланған киімдерін залпасыздандыру мақсатында арнайы пештерде өртейтін. Олар дыбыс­тан жоғары ұшатын истребитель ұшқыштарының “по­летный поег” мен тамақтанатын. Біз жүргізуші монтажшылар, нақтырақ айтсам, өзіміңіз МА3 502 арнайы қондырғымен жабдықталған көлігімізмен амбарға кіріп, “тап” кранмен тіктұмсықты көлігіме ор­натып, рас­четомен “ату” “старт” ала­нына тартатынымыз. Біз амбарда жұмыс атқарғанда жаттығуларда киіз жүннен, резинадан қапталған комбизондарды, ИП-46 противогазын киетібіз. Міндетті түрде төксеретін, дозиметр көрсеткіші қалыпты жағдайдан реттген сәулелері үш-төрт есе көп көрсететін. Біз сұт, қа­тық, таблетка берілетін офицерлер асханасынан тамақ ішкенімізге мөз болатынбыз. Өзімізді ескери, саяси дайындықтың озыты, денсаулығы мықты, күшті, коммуни сезінетібіз.

Мен ескерге барған екінші жылы партияның кандидаттығына қабыл­данған едім. Ата-анама бөлім командирі алғыс хатын жіберіп тұратын. Ал бөлімге бірге түскен Жәдігер Мұсаев бөлім ко­ман­дирі, полковник Н.А.Горкиннің қыз­метінің соңына дейін жеке жүргізуші болып үлкен сенімге ие болды. Наурыз Қартбаев екінші бөлімшеде старшина қызметін атқарып, абыроймен өлге оралды. Бұлар мен көрген қияметтен аулақ болды. Мен екінші сыныптағы ескери жүргізуші, бірінші дәрежедегі монтажшы ескери маман болдым. Осы тұста айта кететінмін, қызметіміңіз соңғы жылы бөлім командирі мені осы мамандықты қарулы күштердің қатарында қалып, қызмет атқаруымды өтінді. Минск қаласындағы жоғары зенит-арте­риялы ұшыншесіне жолдама беретін болды. Мен де жастықтың бұйым жолдама алған жігіттермен Каунас университеті жанындағы ескери кафедралдағы дайындық курсына барып жүрдім. Осы жағдайымды ата-анама хатқа жазып білдіргенімде олар үзілді-кесілді қарсы болды. Елге қайтуыма тура келді. Біздің бөлім бұрынғы майдан авиациясынан құрылған, офицерлердің көбісі бұрын ұшқыш болғандықтан біз авиацияның жасыл түсті формаларын киіп, солардың белгісін тағып жүрдік.

Екінші дүниежүзілік соғыстың бас­талуындағы бейқамдықтан сабақ алған Кеңес одағы батыстың, атап айтқан­да, Балтық жағалауындағы осы рес­публиканың сүйем жерін қалдырмай, сол кездің заманауи ескери ескери тех­никаларымен қаруланған ескери бөлім­дерді орналастырып тастаған екен. Біз өзімізді ядролық қырып жоятын қарудың иесі емес, ұшқыштарымыз деп жүрдік. Бізге солай айтуға тапсырма берілген болатын. Бірақ талай жаугершілікті ба­сынан өткізген, тарихтың талай кезең­­інде сол соғыста елінің, ұлтының бостандығы үшін күрескен тек қана немістер мен орыстардан жері мен халқының аздығынан жеңіліске ұшыраған Литван халқы азаттықты сүйетін еді. Ұлтжанды Литва халқы сол кездің өзінде коммунистік идея мен одақтың ел басқарудағы, ұлттарға деген саясатын қолдай бермейтінін сол елде біліп жүрдік. Таяқ тықса көктейтін жерінің құнарының арқасында орман арасындағы аядай шағын алқаптарға астық өгіп, мол өнім алып, өз-өздерін асырап отырған елдің көз-келген жерін ескери полигонға айналыдырп, Кеңес қарулы күштерінің бөлімдерін орнатып тастаған одақтың үкіметіне олар қарсы



болатын. Бейбіт күндері у-шусыз лозунгілерін алып, «жерімізді ескери полигондар мен сынақ алаңынан босатыңдар, егін егіп, мал бағып өмір сүруге мүмкіндік беріңдер» деп елдің белсіндей өкілдері бой көрсететін. Бой жазуға шыққанда қызуқанды жастары «сәндер ұшқыш емессіңдер, ұшқыштыңның дауысы шықпайды, сәндер жаппай қырып жо­я­тын қарудың иесі біздің ажалымызға жететін басқыншыларсыңдар» дейтін. Одаққа деген осындай көзқараста бол­ған Балтық жағалауындағы үш рес­публика, одақтың іргесі шайқалған ала­шанда бөлініп кетті. Сол кезде «Вильнюс» телестудиясында болған қақтығысты одақтың «Уақыт» телебағдарламасынан жиі көрсетіп жат­ты. Батыстың өркениетті өндірісі мен ұлттың мәдениеті дамыған елдерінің қатарында болған бұл республиканың халқы кеңестік таталиитарлық жүйемен аға ұлттың шаванисіт саясатын мойын­дамай, өздерінің тілін, дінің ұлттық бол­мысын кеңестік дәуірде сақтап қалды. Өзім куә болған сол кездері жарнама­лар мен баспасөздер, мекемелер мен кәсі­порындардың, зауыт-фабрикалардың ат­тары, жер-су атаулары тек өз тілдерінде жазылатын. Қалаға бой жазуға шыққан біз дүкендер мен баратын орындарымызды, көшелерді жарнамамен тауып алатын едік. Өзімізді сол елде шетелде жүрген­дей сезінетібіз. Батыс елдерімен шектесіп жатқан бұл республикаларға Кеңес үкіметі өздерінің байлықтарын көрсету үшін алпысшың жылдары Н.С.Хрущевтың кезінде соғыссыз азық-түлік картонка жүйеге көшкенде ол елдерде дүкен сөресі тұтыну заттарына толып тұратын. Бұл елдерге мемлекет аралық келісім бойынша Польшадан ГДР т.б елдерден қандастары келіп тұрды. Көп жағдайға батыс осы республикалар арқылы Кеңес Одағын танып білді. Бұл сол кездің алдамшы саясаты болды. Мен осы жағдайлар туралы «Литва сен менің есімдесің», «Каунастағы бостандық Аплесясы» «Клайпеда порты қалды» т.б естеліктерімде жазған болатынымын.

Стратегиялық мақсаттағы ракетаны қолдану және оны игеру кешенді бір­неше түрлі мамандандырылған ескери бөлімдердің, атап айтқанда, оның құпиялығын қауіпсіздігін қорғап қара­уылдайтын байланысын, шауашылығын, отын-суынтехникаларменнегізгіядролық қондырғылардың қалыпты жағдайда болуын, тағы басқа коммуникациялық жабдықтардың бірқалыпты жұмыс ат­қаруын қамтамасыз ететін бөлімдер тұрақты қызмет атқаратын.

Осылардың бөрі стратегиялық ма­ңызы бар тасжолдардың бойынан 3-5 шақырым қашықтағы Балтық жаға­лауындағы ыңғайлы аспанмен талас­қан ормандардың арасында ойылып жасалған горнизондарға орналасатын. Бойы 30 метрге жуық ракеталар ұшу, ату алаңдарында жасыл түсті жасанды жапырақ жаймалармен тұмшаланатын, көзге елеусіз болып көрінуі басты назарда болатын. Алпысыңшы жылдары халықаралық шиеленіске байланысты бұл қаруды қолдану мен ядролық қондырғы орнатылған тіктұмсықтармен жауынгерлік дайындық соғыс жағдайында жүргізілді. Солардың ішінде біздіңбөлімдегіжоғарыдааттарыаталған ракеталар Кубада болып, өздерінің Отан алдындағы міндеттерін өтеп қайт­қан ракеталар жауынгерлік сапта бол­ған тік тұмсықтар еді. Бұл қаруды иге­ріп, үнемі жоғары ескери дайындық деңгейінде ұстау біз үшін жауапты да күрметті болатын. Сол жылдары соғыс жағдайына бейімделген оқу-жаттық жо­сарлары түрде, түрлі деңгейлердегі ескери командир бұйрығымен жиі бо­лып тұратын. Мәскеуден бастап бізді бақылауда ұстайтын. Дабыл түнде болатын, горнизондағы барлық бөлімдер жанталасып, өз міндеттеріне кірісетін.

Мен жабық тұрақтағы автокөлігімді үстіндегі тік тұмсығымды ұшу-ату ала­нына санаулы уақытта жеткізіп, на­уаулы арбамен жеткізілген денеге тас­тай қараңғыда нұсқаумен техникалық қауіпсіздікті қатаң сақтап, көліктің артымен, бойгопловканы денеге тіркеп, стыковка жасайтын рас­чет­тын №4 жүр­гізуші-монтажшысы болатынымын. Осылай оңай болғанымен көрсетіліп жатқан уақытта үстінде арнаулы киімдер­мен, противогазбен қараңғы түнде жа­рықтың сәулесімен ядролық қаруды ұрып-соғып алмай регламентке сай орналастыру оңай шаруа емес еді. Шынын айтқанда, рас­чет­тағы коман­дирімізді қоса есептегенде алты жауынгердің ішіндегі менің жұмысым ауыр да жауапты болатын. Осындай кезде жүйкеміз жүзіріп, теріміз сырт киімімізге шығып кететін. Менің көлігімдегі тіктұмсықты рас­чет­тағы бес жауынгер командиріміз, аға лейтенант А.С.Носовтың басшылығымен денеге тіркейтін жасайтын едік.

Командиріміз аға лейтенант А.С.Но­сов барлық жұмыстың уақтылы дұрыс орын­дауын бақылайтын. Тіктұмсық

денеге отырғызылып болғаннан кейін біз екінші тіктұмсықты дайындауға кірісетібіз. Ядролық тік тұмсық отыр­ғызылған алып дене өздерінің рас­че­ттарымен көтеріліп, старт ала­нындағы станкаға отырғызылатын ара­бын көрсететін. Бой жазуға шыққанда қызуқанды жастары «сәндер ұшқыш емессіңдер, ұшқыштыңның дауысы шықпайды, сәндер жаппай қырып жо­я­тын қарудың иесі біздің ажалымызға жететін басқыншыларсыңдар» дейтін. Одаққа деген осындай көзқараста бол­ған Балтық жағалауындағы үш рес­публика, одақтың іргесі шайқалған ала­шанда бөлініп кетті. Сол кезде «Вильнюс» телестудиясында болған қақтығысты одақтың «Уақыт» телебағдарламасынан жиі көрсетіп жат­ты. Батыстың өркениетті өндірісі мен ұлттың мәдениеті дамыған елдерінің қатарында болған бұл республиканың халқы кеңестік таталиитарлық жүйемен аға ұлттың шаванисіт саясатын мойын­дамай, өздерінің тілін, дінің ұлттық бол­мысын кеңестік дәуірде сақтап қалды. Өзім куә болған сол кездері жарнама­лар мен баспасөздер, мекемелер мен кәсі­порындардың, зауыт-фабрикалардың ат­тары, жер-су атаулары тек өз тілдерінде жазылатын. Қалаға бой жазуға шыққан біз дүкендер мен баратын орындарымызды, көшелерді жарнамамен тауып алатын едік. Өзімізді сол елде шетелде жүрген­дей сезінетібіз. Батыс елдерімен шектесіп жатқан бұл республикаларға Кеңес үкіметі өздерінің байлықтарын көрсету үшін алпысшың жылдары Н.С.Хрущевтың кезінде соғыссыз азық-түлік картонка жүйеге көшкенде ол елдерде дүкен сөресі тұтыну заттарына толып тұратын. Бұл елдерге мемлекет аралық келісім бойынша Польшадан ГДР т.б елдерден қандастары келіп тұрды. Көп жағдайға батыс осы республикалар арқылы Кеңес Одағын танып білді. Бұл сол кездің алдамшы саясаты болды. Мен осы жағдайлар туралы «Литва сен менің есімдесің», «Каунастағы бостандық Аплесясы» «Клайпеда порты қалды» т.б естеліктерімде жазған болатынымын.

Стратегиялық мақсаттағы ракетаны қолдану және оны игеру кешенді бір­неше түрлі мамандандырылған ескери бөлімдердің, атап айтқанда, оның құпиялығын қауіпсіздігін қорғап қара­уылдайтын байланысын, шауашылығын, отын-суынтехникаларменнегізгіядролық қондырғылардың қалыпты жағдайда болуын, тағы басқа коммуникациялық жабдықтардың бірқалыпты жұмыс ат­қаруын қамтамасыз ететін бөлімдер тұрақты қызмет атқаратын.

Біз­де саяси оқулар тартымды, ба­ры­наша ашық өтетін. Жауынгерлердің Отана­ға деген патриоттық сезімін арттыру мақсатына халықаралық шиеленістерге байланысты батыстың Кеңес одағы­на социалистік лагер елдеріне қарсы жүргізіп жатқан іс-әрекеттерін де ашық айта­тын. Олардың НАТО-дағы батыс Еуропадағы ескери базаларының орна­ласуы, шығысқа бейімделген және ны­санаға алынған стратегиялық қалалар мен ескери базаларды да айтып, хабар­дар ететін. Осындай мағлұматтар алған жауынгерлердің Отанының қауіпсіздігін қорғаудағы күш-жігері бойларында ар­та түсетін. Әлі есімде, АҚШ-тың батыс Еуропа елдерінде, біздің шекараларға жақын орналасқан ескери базаларында ядролық ракеталар біздің 125 қала­мыз бен стратегиялық маңызды нысан­дарымызға бағытталуда деп нақты мысалдар келтіретін және бұлардың атайын да атайтын. Шын мәнінде де ол сол кездің шындығы еді.

Әр республикадан келген жауын­герлер өз елдерінде үшінші дүниежүзілік соғыс бола қалған жағдайда алғашқы соққыға ұшырайтын елді мекенін сұрап-біліп қамығатын. Осындай сұрақты мен де қойғанымда қу жақ майор тақылдап тұрып «Республика астанасы Алма-Ата бірінші есепте, бірақ олардың ракеталары он мың шақырым қашықтығы бағындыра алмайды, ал бізде ракеталарға қарсы, жойғыш авиациямыз бар. Бізде әуе қорғаныс күштері НАТО-дан мықты» деп менің көңілімді басып,

есепте Байқоңыр-Ленинск, Космодром, Қарағанды, Өскемен деп жауап берген еді. Бұл бүгін айтсақ, өртегі сияқты, ал шын мәнінде өткен жасырдың елуінші алпысшың жылдардағы халы

Еңбек адамы

Тәжірибелі мейіргер

Сәуле Дүйсенбаеваның денсаулық сақтау саласында еңбек еткеніне 30 жылға жуықтады. Сол уақыттан бері жалпы тәжірибелі мейіргер қаншама науқасты дертінен айықтырып, аудан жұртының алғысына бөленіп келеді. Еңбегі еш кеткен жоқ, бұған дейін талай рет марапат төрінен көрінген ақ халатты абзал жан елдің алғысын бәрінен биік қояды. Осыдан-ақ оның антына адалдығын аңғару қиын емес.

Жалпы Жалағаштағы Досмағамбетовтер отбасын «дәрігерлер династиясы» десе де жарастындай. Дүйсенбай ағамыс өзі медицина саласын меңгермесе де, аудандық ауруханада және емханада ұзақ жыл бухгалтер болып қалтқысыз қызмет етті. Ал ШырынкүлДосмағамбетоваауруханада аспазшы болып еңбек еткен Үлкен қызы да медицина саласы бойынша білім алып, ауданның денсаулық сақтау саласының жақсаруында өзінің қолтаңбасын қалдырды. Кенже ұлдары Руслан Түймебаев та өмірінің соңына дейін жалағаштықтардың денсаулығын түптік бойы күзетіп, көптің алғысына бөленді. Осындай отбасынан шыққан Сәуле Дүйсенбайқызы әлі күнге дейін аталған салада аянбай еңбек етуде.

Қызылорда медициналық колледжін «фельдшер» мамандығы бойынша тәмамдаған кейіпкеріміз ең алғаш еңбек жолын аудандағы дәріханалардың бірінде бастайды. Бірнеше айдан кейін Дәуімбай елді мекенінде орналасқан аудандық емханаға шақырту алады. 3-4 жыл осында жұмыс жасаған жас маманның күнделікті жұмысы келген науқастарды қабылдап, дертінен айықтыру еді. Жауапкершілігі мол бұл міндетті де Сәуле Дүйсенбаева абыроймен атқарды. Аудан жұртының алғысын алған абзал жан кейін Жалағаштағы орталық емханаға да шақырту алды. Міне, сол уақыттан бері осында жалпы тәжірибелі мейіргер болып еңбек етуде.

Жалпы Жалағаш көнтіндегі бесінші аймақ тұрғындарының денсаулығын күзетуде Сәуле Дүйсенбайқызы уақытпен санасқан емес. Бұл аймақта бас-аяғы 1500 адам бар. Оларға медициналық қызмет көрсетуге 1 дәрігер мен 3 жалпы тәжірибелі мейіргер жұмылдырылған. Соның бірі – Сәуле Дүйсенбаева. Мейіргерлердің бірі ересектердің денсаулығын күзетсе, енді бірі әйелдерге ем-шара жүргізеді. Ал кейіпкеріміз осы аймақтағы балалардың денсаулығына жауапты.

Жалпы көнтітегі №5 аймақта 498 бала бар, оның 22-сінің мүмкіндігі шектеулі екен. Жоғары тәжірибелі мейіргердің күнделікті жұмысы балаларды қабылдап, дерттің алдын алады. Беймезгіл уақытта сырқаттанса, үйіне де барады. Ая сайын оларды қабылдауға шақырып, денсаулығын тексереді, ата-анасына дерттің алдын алу мақсатында түсіндірме

жұмыстарын да жүргізеді. Ал арнайы есепте тұратын балалар да бақылаусыз қалмайды. Тіпті оларды еліміздің басқа да қалаларында ем алуы үшін барлық жағдайды жасайды.

– Балалармен жұмыс жасау оңай шаруа емес, бірақ бірінші жауапкершілік өзімізде болғасын бізге босануға болмайды. Басқа балалар тек өкпе алуға келеді. Сондай-ақ ауырып қалса ғана бізге ата-анасы шығады. Ал арнайы есепте тұратын балаларды ұдайы бақылауда ұстаймыз. Олардың басқа да аймақтарда сапалы ем алуы үшін барлық жағдайды жасаймыз. Биылдың өзінде 3-4 бала еліміздің басқа да аймақтарында ем алып келді. Қызылорда қаласындағы оңалту орталығына да оларға жолдама береміз. Біз үшін адамның денсаулығы бәрінен жоғары. Сондықтан оларға мейлінше сапалы медициналық қызмет көрсетеміз, – дейді Сәуле Дүйсенбайқызы.

Кейіпкеріміздің сөзіне алып-қосарымыз жоқ, шынында балалармен жұмыс жасау оңай шаруа емес. Біріншіден, үлкен адамдар қай жері ауырып тұрғанын, оған не себеп екенін де айта алады. Ал кейбір балалар мұны жеткізе де алмайды. Екіншіден, балалардың үлкендерге қарағанда иммунитеті әлсіз болады. Олар кейбір дертті көтере де алмайды. Балалардың аурушан болып келетіні де сондықтан.

Жалпы тәжірибелі мейіргер қазіргі таңда балалар арасында іш ауру мен тамақ ауруы өршіп тұрғанын айтады. Қарапайым талап-ережелер сақталса, мұның да алдын алуға болады. Бірақ тұрмыста баланы былай қойғанда оған үлкендер де мән бере бермейді. Негізінен көз келген дерттің пайда болуына осындай салғырттық сеп болады екен.

– Балалар арасында іш ауру көп. Неге десеңіз, кейде олар жеміс-жидекті жумай тұтынады. Мұның салдары ауруға әкеліп соғады. Қазірдің өзінде балалар арасында іш ауру өршіп тұр. Екінші кезекте балалар арасында тамақ ауруы көптеп кездесуде. Осы ретте ата-аналарға айтар кеңесім, балаларға балмұздақты көп бермеу керек. Тек балмұздақ емес, жалпы салқын сусын, көп тұрған тағамдарды тұтынуға жол бермесе деімін. Мұның бәрі дерттің пайда болуына басты себеп болуда. Біз әсіресе балалар арасында дертпен күрескенше оның алдын алуға жұмыс



жасауымыз керек. Себебі олардың иммунитеті әлсіз, сондықтан кейбір ауруларды бала денсаулығы көтере алмайы да ғажап емес. Қарапайым талап-ережелер сақталса, бала денсаулығына байыппен қараған болар едік, – дейді білікті маман.

Сәуле Дүйсенбаева қоражайларда балалардың болуына жол бермеу қажеттігін айтады. Себебі көне шағу жағдайлары қазір өршітін көз екен. Бұл балаларды былай қойғанда ересектер үшін де аса қауіпті. Сондықтан маман кеңесіне құлақ асқан абзал.

Қазірдің өзінде кейіпкеріміз бастаған дәрігерлер тобы жауапты аймақта 1500 адам бар. Жұырда ашылған Наурыз шағын ауданы да осы аймаққа тиесілі. Демек адам саны көбейіп, жауапкершілік жүгі де

еселенетіні сөзсіз. Осыған дейін ол жаққа да арнайы шақыртумен бірнеше рет барған Жалпы аудан жұрты жоғары тәжірибелі мейірике жұмысын жоғары бағалап отыр. Елдің алғысын алған абзал жан алдағы уақытта да олардың денсаулығына жұмыс жасауға әзір.

Сұхбатымыз аяқталар шақта қолында баласы бар ана есіктен өнтелей кірді. Ол да осы аймақтың тұрғыны екен. Баланың дене қызуын өлшеп, медициналық тексеріс жүргізген кейіпкерімізді қайта әңгімеге тарттық. Сөзінше, бала күннің астында көп жүрген, оның үстіне салқын тиген. Әзірге дене қызуы түспей тұр. Анасымен сөйлесіп, балаға ем-шара жүргізу үшін күнделікті жұмысына қайта кірісіп кетті.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ



«Чекті талап ет – жүлдені ұтып ал» және «Бәйге» акциясы туралы хабарландыру

Жалағаш ауданы халқына республика бойынша «Чекті талап ет – жүлдені ұтып ал» және «Бәйге» акциясы бастау алғандығын хабарлайды.

Акцияны өткізудің мақсаты азаматтық белсенділікті арттыру, азаматтардың тауар, жұмыс және қызмет тұтынушысы ретінде өз мүдделерін қорғау бойынша құқықтық мәдениетін қалыптастыру, көлеңкелі экономиканың мөлшерін қысқарту болып табылады.

«Чекті талап ет – жүлдені ұтып ал» және «Бәйге» акцияларына барлық аумақтардан кез келген азамат қатыса алады. Осыған байланысты «Чекті талап ет – жүлдені ұтып ал» және «Бәйге» акциясын өткізу есебінен түскен түбіртектермен бақылау-кассалық машиналар сомасының ұлғаюын қамтамасыз етіледі.

Аталған жоба шеңберінде сатып алушы жеке тұлға қолма-қол ақшасыз жөнелмесе қолма-қол ақшамен төлеген кезде және фискалдық түбіртекті алған кезде арнайы мобильді қосымшадағы штрих-кодты сканерлейді және 100 000 теңге сыйақыларын алады.

Сыйақы төлеу пилоттық жоба басталған күннен бастап оның аяқталған күніне дейін берілген бақылау-касса машинасының фискалдық түбіртектері бойынша жүргізіледі. Акция тоқсан сайын кезек-кезеңімен өткізілетін болады.

- * 1 кезек: 1 мамырдан екінші тоқсанның соңына дейін;
- * 2 кезек: үшінші тоқсанда;
- * 3 кезек: төртінші тоқсанда.

Аталған акцияларға қатысу үшін «Amian» мобильді қосымшасында тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге ақы төлегені үшін чектерді тіркеу қажет.

Жалағаш ауданы бойынша
Мемлекеттік кірістер басқармасы

АМИАН-НАН БӘЙГЕГЕ ҚАТЫСЫҢЫЗ!

Өз өңірдегі бір тоқсанның ішінде ең көп чектерді қосқан қатысушы бас жүлдені – 100 000 ₸ алады.

- 1 Акция кезінде Amian қосымшасына мүмкіндігінше көп фискалдық чектерді қосыңыз
- 2 Өз өңіріңіздің қатысушылары арасындағы рейтингті қадғалаңыз
- 3 Акция аяқталғаннан кейін өз өңірдегі ең көп чекті қосқан қатысушы 100 000 ₸ ұтып алады

Акцияның басталуы: 01.05.2025

Акция тоқсан сайын өтеді

- 01 мамыр – 30 маусым
- 01 шілде – 30 қыркүйек
- 01 қазан – 31 желтоқсан

Акцияға бүкіл Қазақстан бойынша қосымшаның барлық пайдаланушылары қатыса алады

Ережелерімен толығырақ қосымшада танысыңыз

УЧАСТВУЙТЕ В БАЙГЕ ОТ AMIAN!

Участник, добавивший наибольшее количество чеков в своем регионе за квартал, получит главный приз – 100 000 ₸

- 1 Добавьте как можно больше фискальных чеков в приложение Amian в период проведения акции
- 2 Отслеживайте рейтинг среди участников своего региона
- 3 По окончании акции участник с наибольшим количеством чеков в своем регионе выиграет 100 000 ₸

Старт акции: 01.05.2025

Акция будет проходить ежеквартально

- 01 мая – 30 июня
- 01 июля – 30 сентября
- 01 октября – 31 декабря

Принять участие могут все пользователи приложения Amian по всему Казахстану

Ознакомьтесь подробнее с правилами в приложении

Брифинг

Қауіпсіздік қаперде болсын

Биыл ауданда кене шағу бойынша 20 жағдай анықталған. БАҚ өкілдерімен өткен брифингте аудандық санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы Гүлзираш Айымбетова осылай деді. Спикердің сөзінше, елді мекендерде көктемгі залалсыздандырудың бірінші кезеңі сәуір айының аяғында басталған. Ал екінші кезеңі 10 мамырда басталды.

Айта кетейік, осыған дейін аймақта кене шағу бойынша 303 жағдай тіркелген. Конго-Қырым геморрагиялық қызбасы бойынша қазіргі таңда 1 жағдай анықталып отыр.

Жалпы Конго-Қырым геморрагиялық қызбасы – вирусқоздырғышынан туындайтын аса қауіпті жұқпалы ауру. Аурудың қауіптілігі соншалық медициналық көмекке кеш жүгінген жағдайда өлімге әкеліп соғуы мүмкін.

Спикер аталған дертті негізгі жұқтырушы және ауру қоздырғыштарын тасымалдаушы кене екенін айтады. Мұндай дерт көбінесе сәуір-қазан айлары аралығында жиі тіркеледі екен.

– Кенелер көбінесе далалық жерден ауыл шаруашылық малдары арқылы үй ауласына кіреді. Кейде үйге гүл шоғымен де, иттің жүнімен де лесіп келуі мүмкін. Олар адамның киімінің астарына байқатпай кіріп, денесіне қадалып алып сорғанда мүлде ауырмайды. Көп жағдайда адам кенені келесі күні немесе одан да кеш байқауы мүмкін. Конго-қырым геморрагиялық қызбасының негізгі белгілеріне келсек, науқастың дене қызуы көнеттен 39-40 градусқа дейін көтеріледі. Басының қатты ауыруы, кездің қызаруы



және мойың арқа, белдің ауыруы, лоқсу немесе құсу, іш ауыруы немесе өту де дерттің негізгі белгісі болып табылады. Ауру одан әрі дамыған жағдайда бет, мойын және дене бөлігінің қан кернеуімен, денеде бөртпелердің пайда болуы, мұрынан, қызыл иектен, асқазаннан, жа тырдан қан кету белгілері, ине өнгізу орындарында қанталау белгілерінің байқалуымен сипатталады, – дейді Г.Айымбетова.

Ауданның бас санитары «Оның қалай алдын алуға болады?» деген сауалымызды да жауапсыз қалдырмады. Сөзінше, табиғи ошақтар аумағында орналасқан елді мекендердегі жануар-

ларды, қоражайлар мен үйлер аумағын залалсыздандыру қажет. Ауыл шаруашылығы жануарларын бағып-күту, қыркү кезінде кенелердің шабуылынан және кене қанымен жанасуды болдырмау мақсатында тұрғындар жеке қорғаныс үшін анайы киіммен шығуы керек. табиғатқа демалысқа шыққанда кененің жабысқаны көрінетін ашық түсті жақсы қорғалған резеңкелі жеңі ұзын көйлек кию қажет.

– Денеге кененің жабысқанын тексеру үшін өзіңіз және өзіңізге байқалмайтын орындарды қасыңыздағы адамдарға айтып, үстіңізді мұқият қарап отыру қажет. Дененің ашық жерлеріне және киімге кенелердің шабуылынан қорғайтын олар-

ды үркітетін сақтану құралдарын қолдануға кеңес беремін. Кене шаққанда немесе кенемен жанасу болған жағдайда медициналық ұйымға қаралу керек. Тіпті 14 күн бақылауда болу керек, – дейді спикер.

Сала басшысының сөзіне алып-қосарымыз жоқ. Расында сақтансақ, сақтайтынын қаперге алатын уақыт жетті. Сондықтан салғырттыққа бой алдырмай, мейлінше қауіпсіздік талаптарына құлақ асқан дұрыс сияқты. Гүлзираш Айымбетованың да айтатыны сол қауіпсіздік қаперде болсын.

Кенжетай БАЛҒАБАЙҰЛЫ

Телефондар:
Бас директор - 8(7242) 70-00-36
Бас редактор - 32-0-41
Бас редактордың орынбасары, жауапты хатшы, бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.
“Жалағаш жаршысы” аудандық газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.

Газет эр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады. Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды. Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Мекен-жайымыз: 120200, Қызылорда облысы, Жалағаш кенті, Абай көшесі №68. E-mail: zhal_jarsh@mail.ru

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сәнімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 немесе 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 2850 Тапсырыс №775

Кезекші редактор: Жандос ЖАЗКЕН